«Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Сартөбе» ЖШС мен «Агроспецмонтаж» ӨК өзара бірлесе отырып, кенттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды іс жүзіне асыру туралы жасасқан

№ 22 МЕМОРАНДУМЫ

«Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан әкім С. Сыздықов, «Сартөбе» ЖШС-нің тарапынан О. Мухаммедиев, «ЮжКазЭкспорт» ЖШС-і тарапынан М.Пономарева және «Агроспецмонтаж» ӨК-і тарапынан Т. Буркитов әрі қарай тараптар: Осы әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты әлеуметтік жобаны бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі көлемінде іс жүзіне асыру.

2-бап

Осы Меморандум көлемінде бірлескен қарым-қатынастың келесі түрлері қарастырылады:

а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;

ә) Жобаны іс жүзіне асыру жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;

б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3-бап

«Сартөбе» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2021-2022 жылдар көлемінде Тасбөгет кенті және Сабалақ саяжайы аумағындағы ауыз су мәселелері бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, оны жүзеге асыруды өз мойындарына алады.

4-бап

«Агроспецмонтаж» ӨК-і осы Меморандумға сәйкес 2021-2022 жылдар көлемінде **Тасбөгет кенті Сабалақ саяжайы Заря көшесіне ауыз су құрылысын жүргізуді аяқтап**, «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгерімге қабылдауды өз міндетіне алады.

5- бап

Техникалық қадағалаушы «ЮжКазЭкспорт» ЖШС-і ауыз су құрылысының жұмысының сапасын және жоба-сметалық құжатқа сәйкестігін тексеріп, қадағалап өз бақылауына алады.

«Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі екінші тараптың жоба-сметалық құжаттарды әзірлеуге қажетті материалдарды, құжаттарды уақытылы, заңға сәйкес рәсімдейді.

Осы Меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауды міндетіне алады.

6- бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісімі арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

7- бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Тасбөгет кентінде 2021 жылғы 27 қазанда 4 дана жасалды.

Меморандумға қол қоюшылар:

Тасбөгет кентінің әкімі
С.Сыздыков

«Сартөбе» ЖШС-нің
директоры
О .Мухаммедиев

«Агроспецмонтаж» ӨК-тің
директоры
Т.Буркитов

«ЮжКазЭкспорт» ЖШС-нің
директоры
М.В Пономарева